



Қымбатты балалар! Құрметті ата-аналар!

Сіздерді Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Балалық шақ – айналадағы әлем үлкен де жарқын, ал адамдар мейірімді болып көрінетін ең бақытты әрі тыныш кезең. Әлемде сәбидің сыңғыр күлкісі мен шаттыққа толы балалық шағынан асқан қымбат ештеңе жоқ.

Жас ұрпақ үшін бұл – әсерлі де жарқын мереке. Ал ересектер үшін бұл күн – балалардың әл-ауқаты, ауданның және бүкіл Қазақстанның ертеңгі өсіп-өркендеуі біздің даналығымыз бен жауапкершілігімізге байланысты екенін еске салатын маңызды сәт.

Ауданның жас азаматтарын оқыту, олардың рухани әрі физикалық дамуына лайықты жағдай жасау – біздің басты міндетіміз. Балалардың дені сау, ақылды әрі талантты болып өсуі үшін біз әлі де аянбай еңбек етуіміз керек.

Балаларымыздың әрбір жаңа күні ересектердің махаббаты мен қамқорлығына толы болсын! Ал олардың балалық шағы жүректерінде бақытты әрі жылы естелік болып сақталсын!

Балалар өсіп келе жатқан әлем қауіпсіз, бейбіт және еркін болсын!

Б. Мұқанов
Нұра ауданының әкімі
Қ. Жүнісбеков
Нұра аудандық мәслихат төрағасы

Дорогие дети! Уважаемые родители!

От всей души поздравляем вас с Международным днем защиты детей!

Детство — это самая счастливая и беззаботная пора, когда окружающий мир кажется большим и ярким, а люди — добрыми и отзывчивыми. Нет ничего прекраснее звонкого детского смеха и счастливых улыбок наших детей.

Для подрастающего поколения этот праздник является ярким и радостным событием. Для взрослых же он служит напоминанием о том, что благополучие детей, процветание района и всего Казахстана зависит от нашей мудрости, ответственности и заботы.

Создание достойных условий для обучения, духовного и физического развития юных граждан района — одна из наших главных задач. Нам предстоит еще многое сделать для того, чтобы дети росли здоровыми, умными и талантливыми.

Пусть каждый новый день наших детей будет наполнен любовью, заботой и вниманием взрослых! А счастливое детство навсегда останется в их сердцах светлым и теплым воспоминанием!

Пусть мир, в котором растут дети, будет безопасным, мирным и свободным!

Б. Муканов
Аким Нуринаского района
К. Жунусбеков
Председатель Нуринаского районного маслихата

Білім

Түлектер үлкен өмірге қадам басты



Нұра ауданында тағы бір оқу жылының аяқталғанын білдіретін дәстүрлі «Соңғы қоңырау» салтанаты ерекше көңіл-күймен өтті. Бұл күн – мектеп бітіруші түлектер үшін ғана емес, бір жыл бойы шәкірт тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатқан ұстаздар қауымы үшін де толықныс пен қуанышқа толы маңызды сәт болды.

25 мамыр күні Егінді ауылында өткен «Соңғы қоңырау» салтанатты іс-шарасына Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқанов пен аудандық мәслихат төрағасы Қуаныш Жүнісбеков қатысты.

жалғасы 2-бетте

Нұра - Ақпарат

Жастар тәрбиесі - қоғам болашағы

Нұра кентінің Мәдениет үйінде белгілі қазақстандық теолог, «Ырыскеді қажы» мешітінің бас имамы Нұрлан Байжігітұлының қатысуымен жастар тәрбиесі мен қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылауға арналған маңызды кездесу өтті. Кездесуге аудан тұрғындары, жастар және сала мамандары қатысты.

Шара барысында Нұра ауданының аға прокуроры Алмаз Дулатұлы сөз сөйлеп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында қоғамдағы тәртіп пен мәдениет мәселесіне ерекше назар аударылғанын атап өтті.

жалғасы 2-бетте



Социальная политика

Ключи от нового жилья вручили жителям Нуры

В поселке Нура состоялась торжественная церемония вручения ключей от новых квартир гражданам, состоящим в очереди на получение жилья по социальным категориям населения.

Новоселами стали многодетные и неполные семьи, а также лица с инвалидностью. Квартиры предоставлены в новых жилых домах в рамках реализации государственной социальной политики по обеспечению граждан доступным жильем.

По категории «Многодетные семьи» квартиры получили: К.М. Ибраева, Д.Е. Омаров, О.В. Юцис, А.К. Достиева, К.Б. Ушкельбаева и К.Б. Жексембеков.

По категории «Социально уязвимые слои населения» жилье предоставлено:

Г. Хайдаровой, А.Ж. Ташмаганбетовой и Д.Н. Тулегенову.

В ходе мероприятия новоселам были вручены ключи от квартир. Им пожелали благополучия, семейного счастья и уюта в новых домах. Получатели жилья выразили благодарность руководству района за поддержку и возможность улучшить жилищные условия.

В Нуринаском районе работа по обеспечению граждан жильем продолжается.

Собст. инф.

